

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1770

Экономиканың мемлекеттік секторының мемлекеттік Медетші банкке қаржылық сауықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруы үшін берілген кәсіпорындарының борыштарын қайта құрылымдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне қаржылық сауықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруы үшін берілген мынадай мемлекеттік сектор кәсіпорындарының бюджет алдындағы қарыздарды қайтару бойынша:

"Қостанай дизель зауыты" акционерлік қоғамының 2058 мың (екі миллион елу сегіз мың) сомасындағы, оның ішінде проценттері 58 (елу сегіз мың) теңге;

"Карагандарезинотехника" акционерлік қоғамының 3080 мың (үш миллион сексен мың) теңге сомасындағы, оның ішінде проценттері 80 (сексен мың) теңге;

"Карагандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының 149414 мың (бір жүз қырық тоғыз миллион төрт жүз он төрт мың) теңге сомасындағы, оның ішінде проценттері 10514 мың (он миллион бес жүз он төрт мың) теңге сомасындағы берешегіне есептеу жүргізісін.

Аталған сомалар 1996 жылға арналған республикалық бюджетте

ұйымдарды санациялауды жүргізу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі бойынша көзделген қаражатты қаржыландыру есебіне есептелсін.

2. Берешекті есептеу аталған сомаларды 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК